

« Теміртау қаласы №9лицейі»КММ
Кәсіптік бағдар беру аясында өткізілген
іс-шаралар есебі.

2022-2023 оқу жылына 1-11 сынып оқушыларының тізімі құрылды. Қыркүйек айында оқушы саны 1-11 сынып аралығында есептейтін болсақ , мектебімізде барлық оқушы саны 923.

Лицейімізде кәсіби бағдар беру бағыты бойынша жыл басында жұмыс жоспары жасалып, мектеп директорымен бекітілген. Оқу жылының бірінші жарты жылдығы аралығында кәсіптік бағдар беру жұмыстары жоспар бойынша ұйымдастырылып, 1-11 сынып оқушылары арасында түсіндірме жұмыстары мен сауалнамалар, сұрақ-жауап айдары өткізілді. Сынып жетекшілер, пән мұғалімдері және психологтар, тәлімгерлердің жауапкершіліктерімен жекеленген 9-11 сыныптарға кеңес беру, насихаттау жұмыстары жүргізілді. 11 сынып оқушыларымен кәсіптік бағдар бойынша кеңес өткізіліп, мамандық таңдауға сауалнамалар жүргізілді.



"Мектеп жасындағы балалардың мамандықты дұрыс таңдауы көп жағдайда олардың болашақ өмір сүру сапасының табысты болуын, белгілі бір қызмет саласында өзін-өзі барынша көрсететін, қабілетін анықтайды. Бұл кәсіптік бағдар беру мәселесінің айрықша өзектілігін көрсетеді. Осы орайда сынып жетекшілермен бірлесіп 7,8,9 сыныптар арасында кәсіптік бағдар беру бойынша кеңестер өткізіліп, сауалнамалар жүргізілді, сонымен қатар видео ролыктер түсіріліп әлеуметтік желіге жүктелді.

7сынып:

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0yXtjpDZVZxFJcD5F96oQyxJrgerK6KpN5CbrciKgpfuoyP6zKHVCLpheV9Zks5E4l&id=100044038470403&sfnsn=mo

8сынып:

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02wLLNfWmfe7m27pQ44k9ExuyuGv5p99kyAdH7toMKcBC2cav6RBPADVJNZUXSn4agl&id=100044038470403&sfnsn=mo

Жалпы лицей бейіндік оқыту жөніндегі орынбасар П.А Болбаевамен бірлесе отырып, бастауыш сынып , орта және жоғары сынып оқушыларымен жас ерекшеліктерін ескере отырып, кәсіби бағдар беру жұмысы жолға қойылған. Жыл сайын «Кәсіби бағдар беру апталығы» ұйымдастырылады

Лицейімізде 07-11 -қараша 2022 ж аралығында кәсіптік бағдар беру апталығы ұйымдасытырылып, 1-11 сынып оқушылары арасында іс-шаралар өткізілді. Лицейдегі сынып жетекшілер, пән мұғалімдері және психологтар, тәлімгерлердің жауапкершіліктерімен жекеленген сыныптармен кеңес беру, насихаттау жұмыстары жүргізілді.

Жоспарға сәйкес әрбір дүйсенбі ұйымдастырылатын оқушылар жиынында лицейіміздің

8 «А» сынып оқушыларының дайындауымен апталықтың ашылуын ұйымдастырды «Ең танымал мамандық» тақырыбында 9-11 сыныптар арасында TEDx конференцияны

11 «а» сынып жетекшісі Болбаева П.А ұйымдастырды.



Ата-ана, бала, мектеп үштігі арасында өзара сенім мен сыйластықтың орнауына ықпал ету ата - ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайта отырып, мамандық таңдауда баланың түрлі ерекшеліктерін айқындап, дұрыс бағыт беру туралы түсінік қалыптастыру. Баламен тіл табыса отырып, мамандық таңдауда оның таңдауына көңіл бөлуге ата-анаға ой салу мақсатында ата-аналармен кездесу өткізілді.



Кәсіптік бағдар беру бойынша бастауыш сынып оқушыларымен мамандық таңдау дегеніміз не? не үшін қажет? мамандықтың қыр-сырына түсініктемелер жүргізіліп, сыныптармен ойындар ойнатылып, сауалнамалар ұйымдастырылды. Қызығушылығын ояту мақсатында әртүрлі мамандық типтері мен кәсіптер

туралы мәліметтер берілді, «Мен кім боламын?» «Білемісің балақай?» «Мен мамандықтар туралы не білемін?» «Отбасымдағы мамандықтар?» тақырыптарында слайд көрсетіліп, ашық хаттар жасалып, ойындар жүргізілді.




Сондайақ 5-11 сыныптар арасында сауалнама жүргізілді, мақсаты орта буын оқушыларының қызығушылықтары мен бейімділіктерін, мүмкіндіктерін, қабілеттері мен уәждемелерін және отбасы ішіндегі мамандық генеалогиясы мен үлгерімдерін ескере отырып, кәсіптік бейімдеуге арналды. Сауалнаманы психолог сынып жетекшілерге сілтеме арқылы жіберіп балалар толтырды және қағаз жүзінде де сауалнамалар алынды.



Теміртау қаласы "№9 лицейі" директордың БОЖ орынбасары П.А Болбаева, педагог-профориентолог Дорбетхан Н. Давлятова Р. ұйымдастыруымен "Мамандық таңдау" тақырыбында қаламыздағы орта кәсіптік білім беру ұйымдарымен кәсіби бағдар беру жұмысы бойынша 9-сынып оқушыларымен кездесуі болды.

Ақпарат алмасу барысында кәсіптік-техникалық білім беру ұйымдары мамандары оқу орындарының мүмкіндіктері мен қазіргі заман талабына сәйкес мамандық таңдап, бейініне қарай жоғары оқу орнында жалғастыруға болатындығы туралы кеңестер берді.

Ақпарат алмасу барысында кәсіптік-техникалық білім беру ұйымдары мамандары оқу орындарының мүмкіндіктері мен қазіргі заман талабына сәйкес мамандық таңдап, бейініне қарай жоғары оқу орнында жалғастыруға болатындығы туралы кеңестер берді. Кездесулер барысында оқушылар өздерін қызықтырған мамадық иелерімен жекелеме кеңестер алуға мүмкіндік алды.



- кәсіби бағдар беру және кәсіптік- техникалық мамандықтарға баулу мақсатында қыркүйек -желтоқсан айына бұрыш жасалуы тиіс.
- Сонымен қатар осы айда 9-11 сынып оқушылармен кәсіби бағдар беру бағыты бойынша сауалнама жүргізілді.

9 сыныптың қорытындысы (107оқушы).

- Психолог – 5,607% (6 оқушы), Бағдарламашы – 1,869 (2оқушы),
- Механик – 15,887% (17 оқушы), Аудармашы13,084 % (14 оқушы),
- Медицина – 27,364(25оқушы), Педагогика – 6,542% (7оқушы),
- Шаштараз – 3,738% (4оқушы), Әскери және дене шынықтыру – 14,953% (16 оқушы)
- Экономика – 4,672% (5 оқушы), Ауыл шаруашылығы – 1,869% (2оқушы),
- Электротехника – 1,869% (2), Құқық – 3,738% (4 оқушы)
- Тігінші – 2,803% (3 оқушы).
-

11 сыныптың нәтижелері (22оқушы)

- Медицина – 22,727% (5 оқушы), Педагогика – 22,727% (5 оқушы)
- Ветеринария – 4,545% (1оқушы), Шығармашылық – 13,636% (3 оқушы),
- Машина жасау – 8,6% (2 оқушы), Сәулет – 4,545% (1 оқушы),
- Инженерлік – 4,545% (1 оқушы), құқықтану – 9,09% (2 оқушы)
- Журналистика – 4,545% (1 оқушы), Экономика – 0% (0 оқушы),

- Аударма ісі – 4,545% (1оқушы). Менеджмент – 0% (0 оқушы),
- Халықаралық қатынастар – 0% (0 оқушы).

Кітапханаға саяхат «Кәсіп туралы не оқуға болады?» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды. Мақсаты: мамандықты талдай және таңдай білуге үйрету. 5-7 сынып оқушылары қатысып өз ойларын айтты.



Қорытынды: Өзінді мамандықтар әлемінде табу - өзіңнің қоғамға қажетті адам екенінді сезіну, лайықты қаржы табу, өз қабілеттеріңді барынша көрсету арқылы сый - құрметке бөлену бұл нағыз бақыт. **Ж.**

Аймауытов айтқандай «Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ, мұның кез келгеніне икемділік қажет, бұл жай тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін бағыт» десек, **Абай Құнанбаев айтқандай** «болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды сүйсеңіз. Ондай болмақ қайда деп, айтпа ғылым сүйсеңіз» дегендей алға ұмтылып арманға жетіп, мамандық иесі болуға бағыттау.

Кәсіптік бағдар беру педагогтар: Дорбетхан.Н

Давлятова. Р

1-8 сынып оқушыларының **«Ата-анамның кәсібімен мақтанамын»** тақырыбында сынып жетекшілерінің бейнелеу пәні мұғалімдерімен бірлескен сурет көрмесі 1 қабатта ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушылардың ата-аналарының таңдаған мамандығы туралы ақпарат білуі, өзара қарым-қатынасын анықтау. Бастауыш сынып оқушылары өз ата-аналарымен бірлесіп ұйымдастырылған бұл көрмеде қаншама мамандық салалары бойынша қосымша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.